

Банктік емес сектордың 2012 жылғы 1 қарашадағы ағымдағы жағдайы

2012 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша республикада банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға лицензиясы бар 11 ұйым, оның ішінде 3 ипотекалық ұйым қызметін жүргізеді.

№	Ұйымдардың атауы	01.01.2012	01.11.2012
1	Ипотекалық ұйымдар	4	3
2	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге ұйымдар	10	8
	оның ішінде брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар	1	-
	Жиынтығы	14	11

Ипотекалық ұйымдар

Активтер. Ипотекалық ұйымдар активтерінің жиынтық мөлшері 2012 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша 101,4 млрд. теңгені құрады, бұл 2012 жылғы 1 қаңтардағы көрсеткіштен 3 млрд. теңгеге немесе 3%-ға көп.

Ипотекалық ұйымдар активтерінің жалпы сомасындағы маңызды үлесті заңды және жеке тұлғаларға берілген заемдар - 54,5% (55,3 млрд. теңгені) құрап отыр, ал бағалы қағаздар үлесіне – 23,5% (23,8 млрд. теңге), банктердегі ағымдағы шоттарға – 5,4% (5,5 млн. теңге), басқа банктерде орналастырылған салымдарға – 13,0% (13,2 млрд. теңге) келіп отыр.

Ипотекалық ұйымдардың жиынтық активтерінің динамикасы және құрылымы	01.01.2012		01.11.2012		Өсімі, %-бен
	млрд. теңге	жиынтығын да %	млрд. теңге	жиынтығын да %	
Қолма-қол ақша	0	0	0,1	0,1	100
Ағымдағы шоттар	3,8	3,8	5,5	5,4	44,7
Бағалы қағаздар	23,0	23,4	23,8	23,5	3,5
Басқа банктерге орналастырылған салымдар	10,7	10,9	13,2	13,0	23,4
Клиенттерге берілген қарыздар	60,2	61,2	55,3	54,5	-8,1
Негізгі қаражат пен материалдық емес активтер	4,0	4,1	2,9	2,9	-27,5
ХҚЕС талаптары бойынша клиенттерге ұсынылған қарыздар мен қаржы лизингі бойынша резервтер (провизиялар)	-4,4	-4,5	-3,7	-3,6	-15,9
Басқа активтер	1,1	1,1	4,3	4,2	3,9 есе
Анықтамалық: Уәкілетті органның талаптары бойынша клиенттерге ұсынылған қарыздар мен қаржы лизингі бойынша резервтер (провизиялар)	5,7	-	4,4	-	-22,8
Активтердің барлығы	98,4	100	101,4	100	3,0

Кредиттік портфель. 2012 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың жиынтық несие портфелі ағымдағы жылдың басындағы көрсеткіштен 4,9 млрд. теңгеге немесе 8,1%-ға төмендеп, 55,3 млрд. теңгені құрады.

Стандартты кредиттердің үлесі есепті күнде 89,3% болды. Күмәнді кредиттердің үлесі 6,8%-дан 3,6%-ға дейін төмендеді, үмітсіз кредиттердің үлесі 7,3%-дан 7,1%-ға дейін азайды.

Клиенттерге ұсынылған, уәкілетті органның талаптары бойынша қалыптастырылған қарыздар мен қаржы лизингі бойынша резервтер (провизиялар) есепті күнде 4,4 млрд. теңге болды, бұл 2012 жылдың басындағы көрсеткіштен 1,3 млрд. теңгеге немесе 22,8%-ға төмен.

2012 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың жиынтық несие портфеліндегі ең көп үлеске "Қазақстан Ипотекалық Компаниясы" ИҰ" АҚ – 98,9%-бен ие болды.

Несие портфелі сапасының динамикасы	01.01.2012		01.11.2012	
	негізгі борыш сомасы, млрд. теңге	жиынтығын да %	негізгі борыш сомасы, млрд. теңге	жиынтығын да %
Барлық несие портфелі	60,2	100	55,3	100
Стандартты	51,7	85,9	49,4	89,3
Күмәнді	4,1	6,8	2,0	3,6
<i>1-санатты күмәнді</i> – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	0,4	0,7	0,3	0,5
<i>2-санатты күмәнді</i> – төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	0,2	0,3	0,6	1,1
<i>3-санатты күмәнді</i> - төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	0,1	0,2	0,0	0,0
<i>4-санатты күмәнді</i> - төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	1,8	3,0	0,5	0,9
<i>5-санатты күмәнді</i>	1,6	2,6	0,6	1,1
Үмітсіз	4,4	7,3	3,9	7,1

Ипотечалық ұйымдардың несие портфелінің өзгеру динамикасы (млрд. теңгемен)




Міндеттемелер. Ипотечалық ұйымдар міндеттемелерінің жиынтық мөлшері 2012 жылдың басындағы деректермен салыстырғанда 4,5 млрд. теңгеге немесе 5,6%-ға ұлғайып және 2012 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша 84,2 млрд. теңгені құрады. Бұл ретте, ипотечалық ұйымдардың міндеттемелері құрылымында айналысқа шығарылған бағалы қағаздар (69,1%-ға) басым болды.


Ипотечалық ұйымдардың жиынтық міндеттемелерінің динамикасы және құрылымы	01.01.2012		01.11.2012		Өсімі, %-бен
	млрд. теңге	жиынтығында %	млрд. теңге	жиынтығында %	
Алынған қарыздар	23,8	29,8	24,0	28,5	0,8
Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар	54,5	68,4	58,2	69,1	6,8
Басқа кредиторлар	0,3	0,4	0,2	0,2	-33,3
Өзге міндеттемелер	1,1	1,4	1,8	2,2	63,6
Міндеттемелердің барлығы	79,7	100	84,2	100	5,6

Ипотекалық ұйымдардың міндеттемелерінің құрылымы

01.01.2012



01.11.2012



Капитал

Ипотекалық ұйымдардың балансы бойынша меншікті капиталы 2012 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша 17,2 млрд. теңге болды, бұл 2012 жылғы 1 қаңтардағы көрсеткіштен 1,5 млрд. теңгеге төмен.

Ағымдағы жылғы 10 айда есепті меншікті капиталы 1,4 млрд. теңгеге төмендеді және 2012 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша 15,9 млрд. теңге болды.

Меншікті капитал жеткіліктілігі	01.01.2012	01.11.2012
Төленген жарғылық капитал (оның ішінде қосымша капитал), млрд. теңге	29,0	28,2
Есепті меншікті капитал, млрд. теңге	17,3	15,9
Меншікті капитал жеткіліктілігінің коэффициенті ($k_1 \geq 0,06$)	0,178	0,163
Меншікті капитал жеткіліктілігінің коэффициенті ($k_{1-2} \geq 0,06$)	0,204	0,185
Меншікті капитал жеткіліктілігінің коэффициенті ($k_{1-3} \geq 0,12$)	0,204	0,179

Кірістілік. Ипотекалық ұйымдар 2012 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша 0,3 млрд. теңге мөлшерінде кіріс алынды. Кірістердің жиынтық мөлшері есепті күнге 9,2 млрд. теңге (2011 жылғы 1 қарашада – 9,3 млрд. теңге) болды, шығыстардың жиынтық мөлшері – 8,9 млрд. теңге (2011 жылғы 1 қарашада – 11,6 млрд. теңге) болды.

Ипотекалық ұйымдардың кірістілігі, млрд. теңгемен	01.11.2011	01.11.2012	Өсімі, %-бен
Сыйақы алумен байланысты кірістер	7,0	6,4	-8,6
Сыйақы төлеумен байланысты шығыстар	7,9	7,0	-11,4
Сыйақы алумен байланысты емес кірістер	2,3	2,8	21,7
Сыйақы төлеумен байланысты емес шығыстар	3,7	1,9	-51,4

Пайыздық кірістер құрылымында банктің клиенттерге қоятын талаптары бойынша сыйақы алумен байланысты кірістер (46,7% немесе 4,3 млрд. теңге) біршама көп үлес алды, ал пайыздық шығыстар құрылымында бағалы қағаздар бойынша сыйақы төлеумен байланысты шығыстар (65,2% немесе 5,8 млрд. теңге) ең көп үлес алады.

Ипотекалық ұйымдардың кірістері (шығыстары), млрд. теңгемен

